

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауларды талқылау
бойынша «Геолог емханасы» ШЖҚ КМК
занды мүдделері және сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы іс-
қимылды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі комиссиялардың
бірлескен отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Атырау қ.
Атырау –Доссор тас жолы құрылыс 49
мәжіліс залы

2023 жылғы 31 тамыз
сағат 10.00

Қатысушылар:

Жумабаев Т.Т.- экономикалық және әкімшілік-шаруашылықты қамтамасыз ету жөніндегі директордың орынбасары, комиссия төрағасы.

Ботанова Г.А.-отбасы денсаулық орталығының меңгерушісі, комиссия мүшесі;

Джаксылыкова Д.К.-Консультативтік диагностикалық бөлімінің меңгерушісі, комиссия мүшесі;

Есенгалиева А.Т.-Ұйымдастыру және методикалық бөлімінің меңгерушісі, комиссия мүшесі.

Туралиева Б.А.-заңгер, комиссия мүшесі;

Күн тәртібі:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауларды талқылау бойынша «Геолог емханасы» ШЖҚ КМК заңды мүдделері және сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы іс-қимылды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылау.

Тыңдалды:

- Жумабаев Т.Т.- экономикалық және әкімшілік-шаруашылықты қамтамасыз ету жөніндегі директордың орынбасары, комиссия төрағасы. Мемлекеттік сатып алу бойынша, Геолог емханасы тарапынан анықталған бұзушылықтар жойылып, заң бұзушылықтар камералды бақылау нәтижесінде өз уақытында сапалы орындалды.Бұл ретте, сатып алуды өткізуге жауапты мамандар қолданыстағы заңнамалық актілерлер нормаларының қатаң сақталуын және тиісті заңнамалық актіге енгізілген өзгерістерді жіті қадағалап отыруы тиіс.

- Ботанова Г.А.-отбасы денсаулық орталығының меңгерушісі, Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің уақытынан кешіктіріліп орындаған мемлекеттік қызметтер орын алған жоқ.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020ж 18.11. №ҚР ДСМ-198/2020 «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы бойынша 1991 жылы туылған азамат Ж.А.

денсаулығына байланысты Геолог емханасынан 2023 жылдың тамыздың 11-15 аралығында БД №5789374 еңбекке жарамсыздық парағы берілген.

Еңбекке жарамсыздық парағын берген медицина қызметкері фельдшер К.Ж. аталған еңбекке жарамсыздық парағын негізсіз берілген. Себебі: Науқас «Тіркелген халық тіркелімі» порталы бойынша Махамбет аудандық ауруханасында тіркелген. Еңбекке жарамсыздық парағы тіркелген мекен-жайы бойынша берілуі тиіс. Алайда, науқастың жұмыс орнының қала аумағында орналасуына орай, жақын жерде орналасқан медициналық мекемеге қаралғанның өзінде, тек қана 3 күнге ашылып, одан әрі жұмысының дәрігеріне жіберілуі тиіс. Науқас 3 күннен соң емханаға келмесе де, еңбекке жарамсыздық парағы одан әрі 2 күнге ұзартылып және жабылған. Сондықтанда маманға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу мақсатында тәртіптік шара беруді ұсынамын.

Шешімі:

1.Мемлекеттік қызметтің алынуын соның ішінде еңбекке жарамсыздық парағын алу бойынша қатаң қадағалауға алу,

2.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған қызметкерге фельдшер Калимукашева Ж.К. Қазақстан Республикасының 64-бабы 2 тармағына сәйкес тәртіптік жаза «Сөгіс» беруді ұсынылсын.

3.Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, прокуратураның, құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тарта отырып, емхана қызметкерлері арасында семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыруды.

4.Қоғамдық орындарда сыбайлас жемқорлықтың салдары туралы ақпараттық плакаттарды брошураларды тұрақты түрде орналастыру.

Қатысушылар:

Жумабаев Т.Т.-




Экономикалық және әкімшілік-шаруашылықты қамтамасыз ету жөніндегі директордың орынбасары, комиссия төрағасы.

Джаксылыкова Д.К.-



Консультативтік диагностикалық бөлімінің меңгерушісі, комиссия мүшесі.

Ботанова Г.А.-



Отбасы денсаулық орталығының меңгерушісі, комиссия мүшесі.

Есенгалиева А.Т.-



Ұйымдастыру және методикалық бөлімінің меңгерушісі, комиссия мүшесі.

Туралиева Б.А.-



Заңгер, комиссия мүшесі.